

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

**Пән: «Шұғыл мейіргерлік күтім»
Мамандығы: 09130100 – «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103- «Жалпы практикадағы мейіргер»**

**Курс: 2
Семестр: 4
Қорытынды бақылау түрі: Д/сынақ
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер: KZ:24/1
Аудитория: 24**

ONTUSTIK KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2024 () 12 беттің 2 беті
Бақылау өлшеу құралдары	

Бақылау өлшеу құралдары «Шұғыл мейіргерлік күтім» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Құрастырушы: Тайгашева Н.М. Тайгашева Н.М.

Хаттама № 1 " Ақ " 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі: Г.Н. Айбекова Г.Н. Айбекова

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 3 беті

8.1. Пән/модуль бойынша тесттер

1. Суға батудағы жедел жәрдем:

- A. асқазаннан суды шығару, өкпеге жасанды тыныс беру, жүрекке тікелей емес массаж
- B. тыныс аналептиктері, өкпеге жасанды тыныс беру, жүрекке тікелей емес массаж
- C. тыныс аналептиктері, асқазаннан суды шығару, өкпеге жасанды тыныс беру
- D. тыныс аналептиктері, наркотикалық анальгетиктер, жүрекке тікелей емес массаж
- E. асқазаннан суды шығару, наркотикалық анальгетиктер, өкпеге жасанды тыныс беру

2. Қарыншалық фибрилляция кезіндегі алғашқы көмек:

- A. электрлік дефибрилляция
- B. лидокаинді көктамырға енгізу
- C. калий хлориді, кальций хлориді, атропинді енгізу
- D. жүректің жабық массажын жасау
- E. амиодаронды көк тамырға енгізу

3. Нормотермия жағдайында клиникалық өлімнің ұзақтығы ... минут.

- A. 5
- B. 7
- C. 25-30
- D. 8-10
- E. 20

4. Жаңа туылған нәрестеге жүрекке жабық массаж жүргізу кезіндегі кеуде клеткасының басу тереңдігі ... см.

- A. 1,5-2
- B. 4-6
- C. 5-6
- D. 7-8
- E. 3

5. Жүрек тоқтаған кезде ... қолданылады.

- A. адреналин
- B. кардиамин
- C. дроперидол
- D. фуросемид
- E. димедрол

6. Биологиялық өлімнің белгілеріне ... жатады.

- A. «мысық көз» симптомы
- B. жүрек жұмысының тоқтауы
- C. демнің тоқтауы
- D. көз қарашығының кеңеюі
- E. тері қабатының бозаруы

7. Жіті миокард инфарктысында ауырсыну синдромын басу үшін ... қолданылады.

- A. промедол
- B. аспирин
- C. но-шпа
- D. атропин
- E. бетта-блокатор

8. Бронх демікпесінің ұстамасы кезіндегі шұғыл медициналық көмек ... болады.

- A. сальбутамол
- B. папаверин
- C. либексин
- D. тусупрекс

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 4 беті

- Е. анальгин
9. Транспорттық иммобилизация кезінде қолданылатын шина:
- А. Крамер
 - В. Кузминский
 - С. Белер
 - Д. Цито
 - Е. Никольский
10. Эклампсиядағы ауруханаға дейінгі көмек ...болып табылады.
- А. магнезиялы терапия
 - В. жүрек гликозидтері
 - С. 33 % спирт
 - Д. мезатон
 - Е. седативті дәрілерді тағайындау
11. Тырысуды басу үшін ... қолданылады.
- А. реланиум
 - В. эуфиллин
 - С. гормондар
 - Д. атропин
 - Е. адреналин
12. Стенокардия ұстамасы кезіндегі жедел көмекте ... беру керек.
- А. тіл астына нитроглицерин
 - В. ингаляциялық жолмен астмопент
 - С. тері астына димедрол
 - Д. ішке преднизолон
 - Е. көк тамырға атропин
13. 22 жастағы жас қыз капотен 10 таблеткасын ішіп уланды. Науқастың басы айналды, әлсізденді, көзі қарауытты. Үрейленіп жедел жәрдемді шақырды. Көмек көрсетуді қандай шарадан бастау қажет?
- А. асқазанды шаюдан
 - В. жасанды дем беруден
 - С. гипертензияті дәрмек енгізуден
 - Д. жүрекке тікелей емес массаж жасаудан
 - Е. жүрекке тікелей массаж жасаудан
14. Алғашқы медициналық көмек көлеміне ... кіреді.
- А. сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату
 - В. қан және қан алмастырғыштарды құю
 - С. жараны біріншілік хирургиялық өңдеу
 - Д. қантамырды ұзына бойы тігу
 - Е. қан тамырға тігіс салу
15. Жұмсақ таңғыштарға ... таңғыш тән.
- А. дәкелік
 - В. пластмассалық
 - С. желімді
 - Д. крахмалды
 - Е. гипсті
16. Қатты таңғыштарға ... таңғыш тән.
- А. гипсті
 - В. эластикалық
 - С. дәкелік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 5 беті

- D. контурлы
E. торлы-түтікшелі
17. Жүрекке тікелей емес массаж жасаудың міндетті шарты:
A. қолдың, семсер тәрізді өсіндінің төске жалғанған жерінен көлденең 2 саусақ жоғары тұруы
B. көкірек сарайының астында жұмсақ заттың болуы
C. екі реаниматордың болуы
D. жауырын астында валиктің болуы
E. қолдың кеуде сарайының сол жағында болуы
18. Өкпені жасанды желдендіру үшін ... қажетті шарт болып табылады.
A. ауыз қуысын тексеру және тазалау
B. ауа өткізгіш түтікшесін қою
C. тек арнайыланған дәрігердің болуы
D. «ауыз-бетперде-ауыз» әдісін қолдану
E. екі реаниматордың болуы
19. Қан кетуді уақытша тоқтату әдістеріне жатады:
A. жарақаттан жоғары жгут салу
B. жарақаттанған жердегі қантамырды байлау
C. қанның үю қабілетін жоғарылататын препараттарды енгізу
D. қантамырға тігіс салу
E. диатермокоагуляция
20. Қан кетуді біржолата тоқтату әдістеріне жатады:
A. қантамырға тігіс салу
B. қысып тұратын таңғыш салу
C. жарақаттан жоғары жгут салу
D. жарақаттанған қантамырды саусақпен басу
E. жарақаттанған аяқты немесе қолды буыннан барынша бүгу
21. Госпитальға дейінгі кезеңде көмек көрсету барысында, мұрыннан қан кетуді тоқтатудың дұрыс тәсілі:
A. мұрын қуысының алдыңғы тампонадасы және жәбірленушінің басын алға ию
B. мұрын қанаттарын мұрын төмпешігіне қарай қысып, жәбірленушіні басып, артқа қарай шалқайту
C. мұрын тұсына мұздай басып, науқастың басын артқа қарай шалқайту
D. мұрын қуысының артқы тампонадасы
E. прашевидті таңғыш салу
22. Құлағынан қан кеткен жәбірленушіге көмек көрсету кезінде ... тыйым салынады.
A. сыртқы есіту жолын тампонадалауға
B. емдеу мекемесіне тасымалдауға
C. таңғыш салуға
D. құлаққа мақта немесе дәке таңғышын қоюға
E. құлаққа мақта қойып таңғыш салуға
23. Ауыз қуысынан қан кеткен науқасқа көмек көрсету кезінде ... тыйым салынады.
A. ыстық шәй немесе кофе беруге
B. қан кету орнына дәке оптағышын қоюға
C. емдеу мекемесіне тасымалдауға
D. басын алға иіп отырғызуға
E. ауыз қуысын тығыз тампондалауға
24. Салынған жгуттың жаз мерзімінде барынша тұру ұзақтығы:
A. 60 минут

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 6 беті

- B. 2 сағат
- C. 30 минут
- D. 3 сағат
- E. 5 сағат

25. қан кетуде қанның түсі алқызыл, фонтан тәрізді атқылайды.

- A. артериялық
- B. көктамырдан
- C. капиллярлы
- D. паренхиматозды
- E. абдоминальді

Аралық бақылау 2

1. ... қан кетуде жараланған беткей шамалы қансырап тұрады.

- A. капиллярлы
- B. артериалды
- C. паренхиматозды
- D. көктамырдан
- E. абдоминальды

2. Көктамырдан қан кету белгілеріне ... тән.

- A. қанның үнемі ағынмен қоңыр-қызыл түсті ағуы
- B. қанның пульсирленген ағынмен алқызыл түсті ағуы
- C. қанның баяу, тамшылап ағуы
- D. жараланған беткейдің қансырап тұруы
- E. қанның пульсирленген ағынмен қоңыр - қызыл түсті ағуы

3. Жгут ... кезінде салынуға тиісті.

- A. білек артериясынан қан кету
- B. иықалды көктамырынан қан кету
- C. асқазаннан қан кету
- D. өңештен қан кету
- E. мұрыннан қан кету

4. Күйіп қалған жәбірленушіге бірінші көмек көрсету кезінде тыйым салынатын іс-әрекеттер:

- A. күйіп қалған тері беткейін өртенген киім қалдықтарынан тазарту
- B. киімді қайшымен зақымданған аймақты қырқып алу
- C. жәбірленушіге тұзды, сілтілі сұйық ішкізу
- D. күйген жара бетіне контурлы таңғыш салу
- E. жәбірленушіні емдеу мекемесіне тасымалдау

5. Үсік кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында ... тыйым салынады.

- A. үсік шалған жерді қармен ысқылауға
- B. жылуды біртіндеп 40°C жоғарылатып пайдалануға
- C. су киімдерін құрғақ киімдермен алмастыруға
- D. аяқ-қолдарын белсенді жылытуға
- E. ыстық шәй беруге

6. Тоңып қалған жәбірленушіге бірінші медициналық көмек көрсету кезінде ... дұрыс іс-әрекет деп саналады.

- A. ваннада судың температурасын 20 °C –тан бастап біртіндеп жоғарылата отырып жылыту
- B. ішінде 40 °C-тан жоғары температурадағы су бар жылытқыш қалтаны қою арқылы жылыту
- C. жәбірленушінің үсіп қалған жерлерін қармен ысқылау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 7 беті

- D. қыздыру мақсатында алкогольді ұсыну
E. жәбірленушінің үсіп қалған жерлерін спиртпен ысқылау
7. Буынның соғылуы және созылуы кезінде бірінші кезекте ... қолданады.
A. буын аймағын қысып, таңып байлау және емдеу мекемесіне жеткізуді
B. жарақаттанған буын аймағына мұздай басуды және уқалауды
C. ауырсынуды басатын дәрілерді және иммобилизациясыз тасымалдауды
D. жарақаттанған буынды уқалауды және емдеу мекемесіне жеткізуді
E. жарақаттанған буын аймағына мұздай басуды және иммобилизациясыз тасымалдауды
8. Сынық кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында ... болады.
A. ауырсынуды басатын дәрілерді, сонымен қатар наркотикалық дәрілерді қолдануға
B. қажет жағдайда сүйек сынықтарын үйлестіруге
C. жараланған жерден сыртқа шығып тұрған сүйек сынықтарын орнына салуға
D. жәбірленушіні иммобилизациясыз тасымалдауға
E. гипс таңғышын салуға
9. Сынық кезінде бірінші көмек көрсету барысында ... тыйым салынады.
A. жарақаттанған жерден шығып тұрған сүйек сынықтарын алып тастауға
B. шокқа қарсы іс-шараларды жүргізуге
C. жарақаттанған жерден шығып тұрған сүйек сынықтарын асептикалық таңғышпен жабуға
D. тасымалдау иммобилизациясын жүргізуге
E. қажетті жағдайда жгут салуға
10. Басты иммобилизациялау әдісіне ... жатады.
A. «телпек» таңғышын салу
B. жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
C. мақта-дәкелік Шанцтың жағасын салу
D. жәбірленушінің басын зембілге байлап бекіту
E. жәбірленушіні горизонтальды жатқызу
11. Омыртқаның мойын бөлігін иммобилизациялау әдісіне ... жатады.
A. мақта-дәкелік Шанцтың жағасын салу
B. жәбірленушінің басын зембілге байлап бекіту
C. қатты беткейге горизонтальды қалыпта жатқызу
D. жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
E. жәбірленушінің басын көтеріп, арқасымен жатқызу
12. Сан сүйегінің сынығы кезінде тасымалдау иммобилизациясының қолайлы түрі:
A. Дитерихс шендеуішін салу
B. Крамер шендеуішін салу
C. пневматикалық шендеуіш салу
D. аяқ-қолдарды аутоиммобилизациялау
E. жәбірленушіні зембілге байлап бекіту
13. Электрожарақат кезінде иммобилизация ... жағдайда жасалады.
A. сынық болған
B. электробелгі болған
C. құрыспа ұстамасы болған
D. естен танған
E. жүрек тоқтап қалған
14. Жүректің кенеттен тоқтап қалуы кезінде көмек көрсету барысында бірінші кезекте ... керек.
A. тіршілік белгілері (пульсі, тынысы) бар, жоғын тексеру
B. прекордиальді соққы жасау

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 8 беті

- С. жүрекке тікелей емес массаж жасауға кірісу
 D. өкпені жасанды желдендіруге кірісу
 E. дене жарақатының бар, жоғын тексеру
15. Жылу немесе күн сәулесінің соққысы кезінде, бірінші дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетудің негізгі элементі:
- A. жәбірленушіні суыту
 B. ыстықты түсіретін дәрілер тағайындау
 C. алкогольді сусындарды ұсыну
 D. жәбірленушіні жылыту
 E. асқазанды жуу
16. Ларингоспазм, тұншығудың ... түрінде дамиды.
- A. асфиксиялық
 B. шынайы
 C. синкопальді
 D. барлық
 E. ылғалды
17. Суға батқан жәбірленуші, құтқарып алған соң, ес-түссіз жатса, ... тасымалдау керек.
- A. ішімен жатқызып, зембілдің аяқ жағын көтеріп
 B. арқасымен жатқызып, басын көтеріп
 C. арқасымен жатқызып, зембілдің бас жағын төмен түсіріп
 D. ішімен жатқызып, зембілді горизонтальді күйде ұстап
 E. арқасымен жатқызып, зембілдің аяқ жағын көтеріп
18. Ауруханаға дейінгі кезеңде, бірінші медициналық көмек көрсету барысында көздің ... бөгде затты алуға болады.
- A. төменгі және жоғарғы қабақ астындағы
 B. көз алмасына енген
 C. көздің мүйізді қабығына енген
 D. көздің алдыңғы камерасында
 E. көздің конъюнктивальді кеңістігіне енген
19. Теріге улы зат түскен кезде ... қажет.
- A. зақымданған аймақты ағын сумен жуу
 B. асептикалық таңғыш салу
 C. ылғалды сүлгімен сүрту
 D. теріні спиртке малынған тампонмен сүрту
 E. зақымдалған аймақты асептикалық ерітінделермен жуу
20. Ересек науқастың асқазанын зонд тәсілімен нәтижелі жуу үшін ... кем емес су қажет.
- A. 10 литрден
 B. 5 литрден
 C. 2 литрден
 D. 15 литрден
 E. 500 мл-ден
21. Тағаммен улану кезінде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету барысында, бірінші кезекте ...
- A. асқазанды жуады
 B. парэнтеральді дегидратация жасайды
 C. емдеу мекемесіне тасымалдайды
 D. тұзды, іш жүргізетін дәрілерді тағайындайды
 E. дене қызуын төмендететін дәрілерді тағайындайды
22. Қышқылдармен және сілтілермен уланған кезде асқазанды ... жуады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 9 беті

- A. бөлме температурасындағы сумен
 - B. мұздай сумен
 - C. бейтараптандыратын ерітінділермен
 - D. жылы сумен
 - E. 4-5 стақан суды қолдану арқылы аз мөлшерден бастап
23. Жіті улану кездерінде дәрігерге дейінгі бірінші көмек көрсетудің негізгі қағидаларына ... тән.
- A. ағзадан у қалдықтарын шығару
 - B. тазалау клизмаларын жасау
 - C. парентеральді дегидротация қолдану
 - D. ауырсынуды басатын дәрілерді қолдану
 - E. активирленген көмірді қолдану
24. Анафилактикалық шок кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмектегі жедел жәрдемде мына дәрілерді енгізу болып табылады:
- A. адреналиндер
 - B. глюкокортикостероидтар
 - C. антигистаминді дәрілер
 - D. сары су
 - E. глюкоза
25. Гараж шатырынан құлағаннан соң науқаста оң балтыр сүйегінің сынығы байқалады. Балтыр сүйегінің сынығы кезінде жедел көмек:
- A. жансыздандыру, көліктік иммобилизациялау
 - B. жансыздандыру, жараны біріншілік хирургиялық өңдеу
 - C. жансыздандыру, сынықты салу
 - D. асептикалық таңғыш салу
 - E. шокқа қарсы терапия, асептикалық таңғыш салу

8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары

Шұғыл мейіргерлік көмек дегеніміз не?

1. Шұғыл жағдайларда ауруханаға дейінгі кезеңде науқасты клиникалық зерттеу
2. Терминалды жағдай дегеніміз не?
3. Терминалды жағдай түрлері?
4. Клиникалық өлім белгілері?
5. Биологиялық өлім белгілері?
6. Жүрек-өкпе реанимациясының әдістері?
7. Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу жолы?
8. Жүрек-өкпе реанимациясын бір адам жүргізгенде қалай болады?
9. Жарақаттар дегеніміз не?
10. Ашық жарақат дегеніміз не?
11. Жабық жарақат дегеніміз не?
12. Десмургия дегеніміз не?
13. Транспорттық иммобилизация түрлері?
14. Гемостаз дегеніміз не?
15. Қан кету түрлері?
16. Іштен қан кету белгілері?
17. Қан кету кезінде көрсетілетін шұғыл мейіргерлік көмек?
18. Күйіктің қанша дәрежесі бар?
19. Термиялық күйік дегеніміз не?
20. Химиялық күйік болғанда көрсетілетін шұғыл көмек?
21. Үсік болған жағдайда көрсетілетін шұғыл көмек?

QONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		
		80-11-2024 () 12 беттің 10 беті

22. Жедел тыныс жетіспеушілігі дегеніміз не?
23. Асфиксия кезінде қолданылатын шұғыл көмек?
24. Трахеостомия дегеніміз не?
25. Коникотомия дегеніміз не?
26. Инфаркт кезінде көрсетілетін шұғыл көмек?
27. Жіті коронарлық жүрек жеткіліксіздігі кезінде көрсетілетін шұғыл көмек?
28. Гипертониялық криз дегеніміз не?
29. Гипертониялық криз кезіндегі шұғыл көмек?
30. Аллергиялық реакциялар?
31. Анафилактикалық шок кезіндегі шұғыл көмек?
32. Квинке ісігі дегеніміз не?
33. Естен тану кезіндегі шұғыл көмек?
34. Коллапс дегеніміз не?
35. Коллапс кезінде көрсетілетін шұғыл көмек?
36. Ашық жарақат кезіндегі жараны өңдеу?
37. Жабық жарақат кезіндегі жараны таңу түрлері?
38. Ми қанайналымының жедел бұзылыстарында көмек көрсетудің принциптері?
39. Ми қанайналым бұзылыс түрлері?
40. Қайғылы оқиғалар дегеніміз не?
41. Суға бату кезіндегі шұғыл көмек?
42. Электрожарақат кезіндегі шұғыл көмек?
43. Күн өту кезіндегі шұғыл көмек?
44. Странгуляциялық асфиксия кезіндегі шұғыл көмек?
45. Қан жүйесі ауруларына шалдыққан балаларға олардың отбасыларына шұғыл көмек көрсету алгоритмдері.
46. Тыныс алу жүйесі ауруларына шалдыққан балаларға олардың отбасыларына шұғыл көмек көрсету алгоритмдері.
47. Улану кезінде өмірге қауіп төнген жағдайларда балаларға олардың отбасыларына шұғыл көмек көрсету алгоритмдері.
48. Жедел аллергиялық ауруларға шалдыққан балаларға олардың отбасыларына шұғыл көмек көрсету алгоритмдері.
49. Уланулар?
50. Дәрілік сатпен улану кезіндегі шұғыл көмек?
51. Наркотикалық заттармен улану кезіндегі шұғыл көмек?
52. Улы химикаттармен улану кезіндегі шұғыл көмек?
53. Көзге улы химикат түсу кезіндегі шұғыл көмек?
54. Жаншылу кезінде көрсетілетін шұғыл көмек?
55. Зілзала болған аймақта халыққа шұғыл көмек көрсету алгоритмы?
56. Су тасқыны болған аймақта шұғыл көмек көрсету?
57. Кома түрлері?
58. Шоктық қанша сатысы бар?
59. Сафардың үш құрамды әдісін жүргізу
60. Миокард инфарктінің клиникасы
61. Жүрекке тікелей массаждың мақсаты
62. Жүрекке тікелей емес массаж?
63. Өкпені жасанды желдендіру?
64. Гипертониялық криз кезіндегі шұғыл мейіргерлік күтім?
65. Асқынбаған гипертензивті криздегі шұғыл мейіргерлік күтім?
66. Ми қан айналым бұзылысы

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		80-11-2024 () 12 беттің 11 беті

67. Ишемия кезіндегі алғашқы көмек?
68. Суық өту кезіндегі шұғыл көмек?
69. Асфиксия түрлері?
70. Тағамнан улану кезінде көрсетілетін шұғыл көмек?
71. Демікпе кезіндегі шұғыл көмек?
72. Тамақпен улану кезіндегі шұғыл көмек?
73. Алкоголь және дәрілік заттармен улану кезіндегі шұғыл көмек?
74. Улы химикаттармен улану кезіндегі шұғыл көмек?
75. Газбен улану кезіндегі шұғыл көмек?
76. Қышқыл және сілтілермен улану кезіндегі шұғыл көмек?
77. Жасанды детоксикация дегеніміз не?
78. Уланулар кезіндегі шұғыл көмек?
79. Қан кету кезіндегі шұғыл көмек?
80. Күю кезіндегі шұғыл көмек?
81. 1-ші дәрежелі күйік кезіндегі шұғыл көмек?
82. 2-ші дәрежелі күйік кезіндегі шұғыл көмек?
83. 3-ші дәрежелі күйік кезіндегі шұғыл көмек?
84. 4-ші дәрежелі күйік кезіндегі шұғыл көмек?
85. Суық өту кезіндегі шұғыл көмек?
86. Үсік кезіндегі шұғыл көмек?
87. Электрожарақат алғандағы шұғыл көмек?
88. Жаншылып қалу кезіндегі шұғыл көмек?
89. Жер сілкінісі кезіндегі көрсетілетін шұғыл көмек?
90. Ашық сынықта көрсетілетін шұғыл көмек?

8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық - рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

№1 кесте

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер ісі-2» кафедрасы	80-11-2024 ()
Бақылау өлшеу құралдары	12 беттің 12 беті

C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағатсыз
Бағалау критерилері	Өте жақсы «А»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау)) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (x 40%)Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі: Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсын аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.